

Г.И. Көшенова \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің т.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Қазақстан Республикасы, Астана. e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

## АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ТАРИХНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Қазақ хандығының тарихы ХХ ғасырдың алғашқы жартысында-ақ ағылшын және американдық ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды, бірақ сол ғасырдың соңғы ширегінен бастап қана белсенді түрде зерттеле бастады. Содан бері мемлекеттің өткені кешенді түрде Орталық Азия халықтарының тарихы шеңберінде қарастырылып келген болса, ал қазіргі уақытта арнайы бірқатар іргелі еңбектер жарық көріп келеді. Жалпы Қазақ хандығы тарихын зерттеудегі күрделі мәселелерінің бірі оның барлық кезеңдері бойынша жергілікті дереккөздердің тапшылығы болып табылады. Бұл мәселе ағылшын және американдық тарихнамадан да байқалады, олардың басым бөлігінде парсы, шайбанилық сарай дереккөз-дері пайдаланылады. Шетелдік тарихнамадағы Қазақ хандығының тарихын зерделеудің бір ерекшелігі оның әлемдік тарихтағы рөлін түсінуге бағытталады. Соған орай зерттеудің мақсаты туындап отыр. Мақалада қазіргі заманғы ағылшын және американдық тарихи мектеп өкілдерінің Қазақ хандығының ХVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі тарихы туралы ғылыми зерттеу жұмыстары зерделенеді, соған сәйкес ондағы көтерілген мәселелерді қарастыру көзделеді. Сонымен, қазіргі ағылшын және американдық зерттеушілердің еңбектері туралы ғылыми ақпараттар осы жұмыс арқылы отандық ғылыми айналымға ұсынылады. Бұл зерттеулердің ерекшеліктері қарастырылып, пікірталас тақырыптарының кейбір мәселе-лері анықталады. Сондықтан шетелдік тарихнамадағы Қазақ хандығы мәселелерінің зерделенуі оның маңыздылығын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, тарихтың жан-жақты ашылуына, жаңа идеялар мен зерттеу тәсілдерінің тууына мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Қазақ хандығы, Қазақ хандығының этносаяси тарихы, ағылшын және американдық тарихнама, зерттеу мәселелері

**Қаржыландыру:** Ғылыми мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде орындалатын «ХV ғ. екінші жартысы – ХVIII ғ. бірінші жартысындағы Қазақ хандығы: этносаяси тарих және сыртқы саясат» атты ғылыми жоба аясында жүзеге асырылды (BR21882223).

Кушенова Г.И. <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева к.и.н. ассоциированный профессор,  
Республика Казахстан, Астана. e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

## НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В АНГЛОЯЗЫЧНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

### Аннотация

История казахского ханства стала предметом изучения англо-американских ученых еще в первой половине ХХ века, но начала активно изучаться с последней четверти того же века. С тех пор прошлое государства долгое время рассматривалось комплексно в рамках истории народов Центральной Азии, а в настоящее время издается ряд фундаментальных работ. Одной из сложных проблем изучения истории Казахского ханства в целом является дефицит местных источников по всем его периодам. Эта проблема также прослеживается в английской и американской историографии, в большей части которой используются у них персидские, шайбанские придворные источники. Одна из особенностей изучения истории Казахского ханства в зарубежной историографии направлена на понимание его роли в мировой истории. В связи с этим возникает цель исследования. В статье изучаются научные исследования представителей современной английской и американской исторической школы об истории Казахского ханства до первой четверти ХVIII века, в соответствии с которыми предполагается рассмотреть

поднятые в нем вопросы. Таким образом, научная информация о трудах современных английских и американских исследователей будет представлена в отечественный научный оборот. Рассматриваются особенности этих исследований и выявляются некоторые вопросы дискуссионных тем.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, этнополитическая история Казахского ханства, английская и американская историография, проблемы исследования.

**Финансирование:** Научная статья реализована в рамках научного проекта «Казахское ханство второй половины XV-первой половины XVIII в.: этнополитическая история и внешняя политика», выполняемого Министерством науки и высшего образования РК в рамках программно – целевого финансирования (BR21882223).

*Kushenova G.I.\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University Candidate of Historical Science, Associate Professor, Republic of Kazakhstan, Astana e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com*

## **SOME PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE IN ENGLISH LANGUAGE HISTORIOGRAPHY**

### *Abstract*

The history of the Kazakh Khanate became the subject of study by English and American scientists in the first half of the 20th century, but began to be actively studied since the last quarter of the same century. Since then, the past of the state has been considered comprehensively for a long time within the framework of the history of the peoples of Central Asia, and a number of fundamental works are currently being published. One of the difficult problems of studying the history of the Kazakh Khanate as a whole is the shortage of local sources for all its periods. This problem can also be traced in English and American historiography, most of which uses Persian and Shayban court sources. One of the features of studying the history of the Kazakh Khanate in foreign historiography is aimed at understanding its role in world history. In this regard, the purpose of the study arises. The article examines the scientific research of representatives of the modern English and American historical schools on the history of the Kazakh Khanate before the first quarter of the XVIII century, according to which it is supposed to consider the issues raised in it. Thus, scientific information about the works of modern English and American researchers will be presented in the domestic scientific circulation. The features of these studies are considered and some issues of discussion topics are identified.

**Keywords:** Kazakh Khanate, ethnopolitical history of the Kazakh Khanate, English and American historiography, research problems

**Financing:** *The scientific article was implemented within the framework of the scientific project "Kazakh Khanate in the second half of the XV-first half of the XVIII centuries: ethnopolitical history and foreign policy", implemented within the framework of program – targeted financing by the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan (BR21882223).*

**Кіріспе.** Дүниежүзі тарихындағы маңызды оқиғалар желісі XV ғасырда орын алды. Ұлы географиялық ашулар мен Еуразия құрлығындағы алып империя саналған Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы көптеген мемлекеттердің пайда болуына әкелді және ол сәйкесінше саяси картада да өзгерістер болды. Алып империяның ыдырауының нәтижесінде XV ғ. екінші жартысында Орталық Азия аймағында Қазақ хандығы құрылды. Бұл саяси үдеріс сол кезеңдегі Дешті Қыпшақ даласындағы Әбілхайыр және Моғолстан мемлекетінің саяси ахуалымен тығыз байланыста дамыды. Қазақ хандығының қалыптасуының алғашқы сатысында алғашқы хандары – Керей мен Жәнібектің және олардың мұрагерлері Бұрындық хан мен Қасым ханның орасан еңбегі бар.

Қазақ хандығының тарихы күрделі даму кезеңді, шиеленісті саяси оқиғаларды бастан өткерді. Сол сияқты хандықтың тарихын зерттеу кезеңдері де бірқатар қиын кезеңдерден өтті. Кеңестік репрессиялық кезеңнен кейін бұл тақырып аясында батыл зерттеулер жүргізілмеді. Бұл мәселеде кеңінен зерттеу жүргізуші ғалымдар қатарында Ресейлік, кейіннен шетелдік ғалымдар арасында ағылшын ғалымдары қызығушылықтарын танытты.

Ағылшын тілді тарихнама жалпылама, ауқымды зерттеулер деңгейін ұсынады. Сондықтан зерттеудің мақсатына сәйкес мақалада қолжетімді ағылшын тарихнамасы мен американдық тарих мектебі өкілдерінің еңбектері қарастырылды. Зерттеу тақырыбы шеңберінде А.Е.Хадсон, М.Б.Олкотт, Ш.Акинер, Р.Д. Макчесни, Ф.Ж. Аллен, Д.ДеВис, Ю.Брегель сынды бірқатар ғалымдарды атап өтуге болады.

Зерттеу тақырыбы ауқымды болғанымен, жұмыстың мақсатына орай хронологиялық кезең XV ғ. – XVIII ғ. алғашқы ширегі ретінде нақтыланды және географиялық тұрғыдан оның шеңберін ағылшын және американдық ғалымдардың ғылыми зерттеулерімен шектеу көзделді. Сонымен қатар ағылшын және американдық зерттеу еңбектерінің барлығын жинақтағанда мақала шеңберінен асатын ауқымда болғандықтан, зерттеу тақырыбына қатысты негізгі және қосалқы жұмыстарды таныстырып, соның ішінде Қазақ хандығының кейбір мәселелері бойынша ғана ақпарат ұсыну қарастырылды.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада XX ғ. екінші жартысынан бастап бүгінгі күнге дейін жарық көрген американдық және ағылшын зерттеулеріндегі Қазақ хандығына қатысты мәселелер зерттеледі. Оның ішінде хронологиялық мерзімі жағынан маңызды саналатын және осы кезге дейін жарық көрген ғылыми еңбектерге талдау жасалады.

XX ғ. басына дейінгі кезеңде Қазақ мемлекетіне қатысты ағылшын деректерін кездестіруге болады. Олардың басым бөлігі саяхатшы, елші немесе діни миссионерлердің жазбаларынан тұрады. Аталмыш жазбаларды Ресеймен қандайда бір қарым-қатынас немесе Орталық Азияға сапар шегу барысында жазылған еңбектер деуге болады.

Алдымен ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тарихнамалық талдауға бағытталған. Бұл талдау негізінде ғылыми мақалада қарастырылатын мәселеге қатысты терең зерттеу жүргізіледі. Зерттеулерде зерттеушілердің көзқарастары, пікірлері бір жерде түйіспей жатады, соған сәйкес әрбір тарихнамалық талдаудың өзіндік нәтижелері болады. Мұны бірнеше факторларға байланысты: біріншіден, зерттеушілердің жұмыс мазмұнына қоятын бағалау критерийлері әртүрлі болып келеді. Екіншіден, зерттеушілердің көзқарастары біркелкі емес, сондықтан бір оқиғаға әртүрлі бағыттан қарауы мүмкін.

Мақалада ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері тиімді қолданылған. Атап айтқанда тарих ғылымындағы тарихи-салыстырмалы әдіс, тарихи-генетикалық әдіс және ретроспективті әдістер қолданылған. Аталған әдістер ұсынылған мәліметтерді, тарихи фактілерді айқындауға, қорытындыларды негіздеуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми мақалада американдық және ағылшын ғалымдарының зерттеу бағыттары мен ресейлік ғалымдар мен отандық зерттеушілердің көтерген мәселелеріне қатысты тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану арқылы нәтижеге жетуге болады. Сондықтан да тарихи-салыстырмалы әдіс тек мәліметтерді салыстыру мен зерттеу бағыттарын ашып көрсету емес, оны бағалауға да мүмкіндік береді. Мақалада қолданылған келесі әдіс тарихи-генетикалық болып табылады. Бұл әдіс бізге Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғалар мен ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу тақырыбы шеңберінде кездесетін кейбір тарихи тұлғалардың, тайпалардың шығу тегіне қатысты ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында қолданылатын жалпылау әдісі Қазақ хандығының халықаралық деңгейдегі маңызын зерделеуде, жеке фактілерден оқиғаларға деген ұқсасты анықтауда жүзеге асырылады.

**Талқылау.** Орталық Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы, саяси-экономикалық және мәдени тарихына қатысты зерттеулер ресейлік, кейіннен америкалық және ағылшын зерттеушілері тарапынан да зерттелді. Бұл зерттеушілердің еңбектерінің құндылығы түпнұсқа деректерді қолдануында. Аталған мақалада ағылшын және америкалық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасаймыз. Ұсынылып отырған мақала шеңберінде кейбір мәселелерге ғана тоқталатын боламыз.

Алғашқы зерттеу еңбектерінің қатарында қазақтың әлеуметтік құрылымы бойынша ғылыми тақырыптардың көтерілгенін айтуға болады. XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген еңбектердің бірі ретінде 1938 жылы Йель университетінде басылып шыққан А.Е. Хадсонның (Alfred E. Hudson) «Kazakh Social Structure» еңбегін атап өтуге болады [1]. Бұдан кейінгі кезеңде Патриция Кук Раиздың (Patricia Cook Rice) 1963 жылы АҚШ Огайо университетінде қорғалған қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығына арналған магистрлік диссертациясын атап өтуге болады. Автор ғылыми жұмысында қазақ дәстүрлі шаруашылығының өзгеруін бірнеше үдерістерге бөліп көрсетеді [2].

Орталық Азияның тарихын зерттеушілердің қатарында Э. Олворттың Орталық Азияда мекендейтін тәжік, өзбек және Бұқаралық еврейлерге қатысты еңбегінің маңызы ерекше. Оның редакторлығымен шығарылған 1967 жылы жарық көрген «Central Asia a Century of Russian Rule» атты ұжымдық монографияда «Encounter» тақырыбындағы мақаласы енгізілген [3]. Э.Олворт аталған зерттеуінде бірқатар мәселелерді қарастырады. Алайда осы жерде автордың Орталық Азия хандықтарымен Ресейдің арасындағы қарым-қатынастардағы діни мәселені қозғауы ой салады. Бұл мәселе төңірегінде қарастырылған өзекті тақырыптар Орталық Азия халықтарының діни, медицина, музыка, сәулет өнері мен білім беру саласында жоғары деңгейге жеткенін көрсетеді [3, 35-6.]. Бұл ақпараттар автор көзқарасында Ресейдің Орталық Азия халықтарымен жақын байланыс орнатуына ықпал етуші фактор ретінде көрсетіледі. Атап айтқанда, XVII ғасырдан бастап қазақ жеріне Ресейдің бекіністер желісінің салынуы, азаттық көтерілістер, сауда, мәдени және интеллектуалды қарым-қатынастар сияқты өзге де

мәселелер кездеседі. Бұл зерттеу еңбегіндегі мәліметтер ғылыми мақалада қарастырылған мәселе бойынша қосымша дереккөзі ретінде маңызы ерекше.

Орталық Азия, Иран мен Ауғанстанның әлеуметтік және мәдени тарихын зерттеуші америкалық ғалым Роберт Дункан Макчеснидің парсылық деректер бойынша жазылған еңбегінде [4] аймақтағы әмірлер институтының дамуына қатысты мәселені жан жақты талдайды, маңызын зерделеуге тырысады. Еңбекте негізінен Балхтан шыққан географ, тарихшы Махмуд ибн Валидың Орталық Азия әмірлеріне қатысты, яғни таққа отыру, кеңестің құрылуы және олардың саяси ұстанымдарына қатысты жазылған шығармасы пайдаланылған. Еңбек Қазақ хандығына тікелей қатысты болмаса да Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Орталық Азияның саяси тарихына қатысты маңызды ақпарат көзі болып табылады. Автордан келесі бір еңбегі [5] Орталық Азиядағы Шыңғыс ұрпақтарының өз империяларын қалпына келтіру бағытындағы мәселелер қарастырылады. Бұл жұмыстың негізгі мазмұны зерттеушінің алдыңғы еңбегі тікелей дереккөзі ретінде маңызды болып табылады.

Орталық Азияның саяси және экономикалық тарихы жөніндегі америкалық сарапшы Марта Брилл Олкоттың 1985 жылғы қазақтарға қатысты жазылған монографиясы хронологиялық тарихи деректерді құрайды. Монографияда алғашқы Қазақ мемлекетінің құрылуы кезеңінен бастап кеңестік Қазақстанның саяси тарихын қоса қарастырады. Автор монографиясында қазақтардың Ресей империясы құрамындағы тарихы, экономикалық-саяси жағдайына қатысты мәліметтерді құрайды [6]. Кітап еуропалық көзқараста жазылғанымен бүгінгі таңда өзектілігін әлі жоғалтқан жоқ. Еңбекке сыни шолу жазған бірқатар ғалымдар болды. Соның ішінде американдық тарихшы ғалымдардың бірі деп айтуға болатын Орталық Азия тарихының маманы Ю.Брегельдің жазбасын ерекше атап өтуге болады [7]. Ол осы еңбегінде М.Б. Олкот-тың жоғарыда аталған монографиясында жіберген кемшіліктерін нақты көрсетіп, әрбірін талдауға тырысады. Дегенмен, кітаптың жалпы мазмұнына жоғары баға беріледі.

Бұдан бөлек зерттеуші Ю. Брегельдің еңбектеріне тоқталатын болсақ, оның Хорезм, Хиуа хандығы, қарақалпақ тарихы, Орталық Азияның ислам тарихына қатысты елеулі еңбектері бар. Соның бірі өзбек, қазақ және түркімен халықтарына арналған еңбегі XV ғ. бастап Дешті Қыпшақ даласында орын алған саяси процестер туралы баяндалады [8].

Одри Бертоның (Audrey Burton) «The Bukharans: A Dynastic, Diplomatic and Commercial History 1550-1702» атты монографиясы Орталық Азия тарихына арналған ағылшын тілді тарихнамалық қорға елеулі үлес қосқан. Бұл еңбек тарихи бағытта ғана емес, көбінесе деректік құндылығы жағынан маңызды болып табылады. Себебі, автор Бұхар хандығындағы саяси-экономикалық, сауда жолдары, сауда тауарлары, қазақ қалаларына қатысты ішінара құнды деректер келтіріледі [9]. Аталған монографияға сын-пікір білдіруші Р. Фольц оның ғылыми құндылығының жоғары екенін бағалайды. Бұл еңбекке жазуы бары-сында парсы тіліндегі сарай шығармаларын негізге алып, алайда оларға сыни талдау жасай қоймағанын кемшілік ретінде айтады. Сол себепті саяси тарихты бағалауда біржақты көзқарас орын алған еді. Ол туралы Р.Фольц былай деді: «Whether wittingly or not, the author has left us with a decidedly pro-Uzbek version of early modern Central Asian history» [10, 395 б.].

Зерттеуші Омелян Прицактың (Omeljan Pritsak) «The Turkic Etymology of the Word Qazaq 'Cossack» атты еңбегінде «қазақ» ұғымының этимологиясы зерделенеді. Автор ұғымды сонау көне ортағасырлардағы түрік Орхон жазбаларынан бастап талдауға тырысады. Ондағы «жаулап алу» сөзінен шығуы мүмкін екенін де болжайды. Ұғымның алғаш рет «Кодекс куманикус» ортағасырлық сөздігінде кездесетін «қазақ» атауы арқылы түркілік тайпалардың этимологиясын зерттейді [11].

Ағылшын зерттеушісі А. Фрэнктің Ресей мен Қазақ хандығына қатысты іргелі зерттеуі жарық көрді. Автор бұл еңбегі арқылы қазақ қоғамындағы үш жүздің пайда болуына, тайпалық этникалық құрамы мен мемлекеттік иерархиялық құрылымына, діни өміріне, сондай-ақ жоңғар шапқыншылығы мен хандықтың Ресеймен қарым-қатынасына назар аударады. Сондай-ақ Қазақ хандығының жойылуы кезеңі ретінде Ресейдің отарына айналуын зерделейді [12].

Осы жерде ағылшын және американдық зерттеушілер еңбектерінің қатарына қосымша ағылшын тілді іргелі зерттеулердің бірін атап өтуді жөн санадық. Зерттеуші Торонто университетінің профессоры Джу-Юп Ли (Joo-Yup Lee) болып табылады. Оның ғылыми еңбектерін мұнда қосып айтқанымыз кемшілік бола қоймас.

Соңғы кездері Қазақ мемлекетіндегі әлеуметтік статусқа қатысты зерттеулердің саны артқан. Оған дәлел ретінде Джу-Юп-Лидің «Kazakh Khanate» еңбегінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік бөлінудің ерекшеліктері қарастырылады. Яғни, қоғамдағы ақсүйек, қарасүйек атаулары мен рулық қарым-қатынас-тардың ерекшеліктерін зерттейді. Бұл еңбектердің барлығы жапондық ғалымдар тарапынан Қазақ хандығына қатысты үлкен қызығушылықтың барын аңғартады. Сөйтіп жапон ғалымдарының зерттеу еңбегінен дәйексөз де келтіреді. Асака Цунеакидің Жошы ұлысының мұрагері ретінде Қазақ хандығын тануы Нагамине Хироюкидің пікірімен сәйкес келеді [13, 11 б.]. Бұған қоса, автордың келесі

бір мақала-сында постмонғолдық Орталық Азия мен Қыпшақ даласындағы Шыңғыс және Темір ұрпақтарының арасындағы тақ үміткерлерінің «саяси кезбелігі» зерделенеді. Мұндағы негізгі мәселе «қазақ» ұғымы мен «қазақлық» (qazaqlik) феномені талданады. Джу-Юп Лидің «қазақлық» туралы еңбегі алыс шетелдік тарихи зерттеулердегі маңызды еңбектер қатарынан көруге болады [14]. Осылайша, америкалық және ағылшындық тарихнамадағы зерттеулердің басым көпшілігі өзінің деректерінің толымдылығымен ерекшеленді. Бұл зерттеулердің барлығы соңғы жылдары жарық көрген еңбектер.

**Нәтижелер.** XV ғасырдың екінші жартысында Дешті Қыпшақ даласында саяси тұрақсыздықтың орын алуымен ахуалда өзгерістер болды. Ұрыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілхайыр хандығындағы тұрақсыздық кезеңінде Моғолстанмен дипломатиялық байланыс орнатып, Жетісу жеріне орнығады. Хандықтың құрылуы бастапқыда оның көрші мемлекеттермен саяси қақтығыстарға түсуіне алып келді. Себебі, хандықтың орналасқан жері стратегиялық маңызды аймақта орналасты. Сырдария бойындағы қалалардың саяси-экономикалық жағынан әлеуеті маңызды еді. сол себепті де Сыр өзені бойындағы қалалар үшін жиі жиі қақтығыстар болып тұрды.

Жалпы алғанда өзінің өмір сүру кезеңі бойынша Қазақ хандығы өте күрделі кезеңдерді бастан өткерді. Бұл кезеңдерге қатысты жазба деректердің басым бөлігі ресейлік зерттеушілерге тиесілі болса, кейінгісі ағылшын тілді тарихнамада кездеседі. Демек, бұл жерде Қазақ хандығына қатысты мәліметтердің басым бөлігі отандық және шет елдік зерттеушілердің үлесінде. Дегенмен, мақаланың ерекшелігі – Қазақ мемлекетіне қатысты жазбаша деректердің халықаралық ғылыми деңгейінің болуы оның ағылшын тілді деректерде де кеңінен қолданылуында. Аталған мақаланың мақсаты ретінде ағылшын тілді тарихнамадағы Қазақ хандығының саяси-экономикалық жағдайына қатысты деректерге тарихнамалық талдау жасау, маңызды дереккөздердің құндылығын арттыру. Кейбір мәселелерде кеңестік, отандық ғалымдардың көзқарастарымен салыстырылды.

Алдымен хронологиялық кезеңдер бойынша және мәселенің зерттелу географиясына жалпы назар аударатын болсақ, Қазақ хандығы бойынша 1920-жылдарға дейінгі ғылыми іргелі зерттеулердің бірін В.В. Бартольд жазып қалдырған болатын. Алайда, бұдан кейінгі уақыттардағы да хандықтың тарихына қатысты зерттеулердің басым бөлігі ресейлік зерттеулердің еңбектерінде қарастырылғанын байқауға болады. Өйткені Орталық Азия территориясының Еуразия континентіндегі түрлі аймақтарды, яғни Еуропа, Таяу Шығыс, Оңтүстік және Шығыс Азияны байланыстыратын сауда жолдарының қиылысында орналасуының өзі шетелдік зерттеушілердің назарын өзіне аудартып, бірқатар ғылыми ізденістеріне негіз болуы мүмкін. Бұған қоса еуропалық зерттеушілер үшін Орталық Азияны зерттеу жұмысы Шығыстану саласының бір бөлігі болып табылды. Қазақ хандығының құрылуы және одан кейінгі кезеңіне қатысты зерттеулерді парсы деректерінен кездестіруге болады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында батыс Еуропа елдерінде тарих ғылымының әдіснамалық мәселелері бойынша тарихи ғылыми орталар пайда болды. Солардың басында Франциядағы «Анналдар» мектебін атап өтуге болады. М. Блок пен Л.Февр секілді француз ғалымдары тарихи оқиғаларды зерттеу-де енгізген әдіснамалары алғашында үлкен қолдауға ие болмады. Себебі, Еуропалық ортада орын алған үлкен талқылаулар ғылыми зерттеудегі бағыттарды айқындаудың қажеттілігін білдіреді. Тарих ғылымын-да антропологиялық көзқарастың маңызы талқыланып, макро деңгейдегі қарастырылатын тарихтың нақтылығына күмәнмен қарай бастады. Тарихи зерттеулерде ғылымаралық байланысқа негізделген зерттеу тәсілдері ұсынылды.

XX ғ. 60 жылдары америкалық ортада тарихты зерттеуге қатысты әдіснамалық бетбұрыстың болуы Қазақ хандығына қатысты зерттеулерге деген қызығушылықты арттырды. Бұл дегенімізбен 80-жылдарға дейінгі зерттеулер жокқа шығарылмайды. Ал екіншіден, XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап ағылшын және американдық зерттеулердің белсендіріле түсуіне кеңестік режимнің әлсірей бастағаны себеп болуы мүмкін. Өйткені, зерттеушілердің арасында ақпарат алмасу үрдісі жеңілдеп, тарихи тың деректер қолжетімді бола түсті. Ойымызды Гуннар Яррингтің «American Anthropologist» атты журналдағы ғалым А.Е. Хадсонның еңбегіне жазған шолуы арқылы дәйектеуге де болады. Ол өз кезеңінде Кеңес Одағында өмір сүріп жатқан түрік халықтары туралы деректердің шектеулі екенін айтқан болатын [1, 627 б.]. Сөйтіп кеңестік режимнің әлсіреуі, ыдырауы жаңа зерттеулерге мүмкіндік берді. Сонымен XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі Қазақ хандығының тарихын шетелдік тарихнамада түрлі салалар бойынша алуан түрлі тақырыптар аясында көтерілгенін аңғарамыз. Соның ішінде кейбір мәселелерге ғана тоқталып өтетін боламыз. Мәселен, қазақ халқының әлеуметтік құрылымы қашанда күрделі болды. Отандық зерттеушілердің еңбектерінде де әлі шешім таппаған мәселелер баршылық. Қазақ қоғамында адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас түрлері әр алуан болды, қандас туыстық, отбасылық, шаруашылық және тағы басқа. Сондай-ақ сол кездегі қазақ қоғамының

этникалық құрамы, өмір салты өзіндік ерекшеліктерге толы болды. Бұл мәселенің алыс шетелдік ғалымдардың да ғылыми ізденістеріне негіз болды.

Белгілі ғалым Хадсон А.Е. зерттеулерінің басым бөлігінде қазақ халқының әлеуметтік құрылымын зерттеуге арнады. Әсіресе, халықтың шығу тегі, әлеуметтік топтар мен отбасылық, тайпалық байланыстар туралы мәліметтерді жүйелейді. Автордың түп деректер мен зерттеу еңбектеріне негізделген осы этнологиялық талдау жұмысына бірқатар ғалымдар шолу жазып, автордың ой түйініне назар аудартады. Солардың бірінде А.Е. Хадсонның қазақ және монғол тайпаларының дамуындағы екі негізгі үдерісті ашып көрсеткенін баяндайды. Оның біріншісі, тұрақты тенденция – үлкен бөлімдер тармақтарға бөлінді, ал екіншісі, жылжымалы бағыт – үлкен бірліктердің қалыптасуы кіші топтардың бірігуінен пайда болды, - дейді. Бұл жерде үлкен бөлімдер ретінде тайпаны назарға алуға болады. Зерттеуші рулардың пайда болуы үрдісін ашуға тырысады. А.Е.Хадсонның пікірінше, рудан үнемі жаңа топтардың дамуының себебі экономикалық факторға байланысты болатын, өйткені мал санының көп болуынан адамдардың барлығы бір жерде тұруы (мекен етуі) мүмкін емес еді. Сонымен қатар автор қазақтардың тармақталуы және бірігуімен бір мезетте жүретін үшінші үрдісті де айқындайды. Бұл қожайын мен тәуелдінің арасындағы қатынасы болды. Бұлардың арасындағы қатынас қандық қатынастарға негізделетін еді [1, 627 б.]. Қарап отырсақ, ғалым қазақ халқының рулық-тайпалық және әлеуметтік құрылымын зерттеудегі тұжырымдары кейіннен Жапониядағы университетте оқыған дәрісте Раиз П. қазақтардың «дәстүрлі» экономикасы туралы мәселе көтереді. Жалпы жұмыс тезис ретінде дайындалғанмен, бірқатар мәселелерде автордың өзіндік тың көзқарасын байқауға болады. П.Раиз алдымен Қазақ хандығы құрылғаннан бастап Ресей империясының отарына айналғанға дейінгі аралықты «дәстүрлі» деп атайтынына назар аударады. Бұл кезеңде әлеуметтік немесе саяси шарттарда экономикалық тоқырау болмаса да, қазақ мемлекетінің шаруашылығы үлкен нәтижеге қол жеткізді. Автор бұдан бөлек орыстардың қоныстануымен өлкеде орын алған әлеуметтік тұрақ-сыздық мәселесін, отбасылық неке қатынастары сияқты тағы өзге мәселелерге тоқталады. Автор қазақтардың құндылықтарының бірі де мал шаруашылығына деген құрметі болатын дегенді айтады [2, 45 б.]. Сөйтіп автор қорытындысында қазақтардың экономикалық тұрғыда өзгеріске ұшырауы кеңестік күштеп ұжымдастыру науқанына дейін тек өздеріне байланысты болғанын айтады [2, 33 б.].

Осы жерде кеңестік тарихнаманы қарастыратын болсақ, С.А. Васютин мен П.К. Дашковский әсіресе, XX ғасырдың 40-60-шы жылдарында тарихшы ғалымдардың арасында көшпелілер теориясы, көшпелілердің экономикалық ахуалы қызу пікірталас тудырғанын жазады. Аталмыш ғалымдар бұл мәселені зерттеудің нәтижесінде кеңестік ғалымдардың бір-біріне қарама-қайшы көзқарас ұстанғанын баяндайды [15, 23-25 б.]. Бұл даулы пікірталастың түп-төркінінде жалпы патриархалды-феодалдық қатынас, көшпелілердің экономикалық күші, яғни басымдылық жерге немесе малға иеліктен тұрды ма деген сұрақтар жатқанын көруімізге болады. Сөйтіп, сол кезеңдегі екі ел ғалымдарының көтерген мәселелері шамамен ұқсас болғанымен, зерттеу тәсілінде кеңестік ғалымдардың қорытындылары формациялық көзқарас аясында жүзеге асырылғанын аңғару қиын емес.

Жалпы зерттеулерде қазақтың Ұлы, Орта, Кіші жүздерінің шығу тегіне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілгенімен, нақты бірыңғай қорытындыға келгені байқалмайды. Сонымен қатар қазақтың әлеуметтік құрылымындағы постмонғолдық «ақ сүйек», «қара сүйек» топтары мен жүздерге кірмейтін «төре», «қожа» сияқты субэтникалық топтарды да негізінен талдауға ұмытылыс жасалады. Осындай этно-әлеуметтік бағыттағы зерттеулерде XVII ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамы этникалық және тілдік тұрғыда біртекті болғанымен, шығу тегі жағынан түрлі топтардан құралғаны айтылады [12, 365 б.]. Сонымен, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы шетелдік тарихнамада Қазақ хандығын зерттеудің негізгі мәселелерінің қатарында жоғарыда атап өткеніміздей, қазақтың этникалық, әлеуметтік құрылымы өзектілік танытқаны аңғарылады.

Ағылшын және американдық зерттеушілер тарапынан қарастырылған өзекті тақырыптардың келесі бірі – Қазақ хандығының қалыптасуы, дамуы, құлдырау тарихы болды. Қазақстан Республикасында 2015-жылды «Қазақ хандығының 550-жылдығы» деп атап өту ұйғарылғанға дейін мемлекеттің құрылу уақытына қатысты сұрақтар отандық тарихнаманың өзінде ұзақ жылдар бойы зерделеніп, пікірталас тудырып келді. Осы жерде айта кететін жайт, қазіргі уақытта ағылшын және американдық тарихнаманың басым бөлігінде Қазақ хандығының бастапқы құрылуы мен дамуы дәуірі емес, көбіне Ресей империя-сының қазақ жерін отарлауы кезеңіне қатысты зерттеулері басымдық танытып отыр.

Қазақтар туралы монографиясында М.Б. Олкотт хандықтың құрылуы мен алғашқы ханы туралы бөлімді кеңестік еңбектерге сүйене отырып жазады. Ол «кеңестік ресми тарихнама Қазақ хандығының алғашқы ханы Жәнібек, ол 1480-жылы қайтыс болғаннан соң оның орнына таққа Керейдің ұлы Бұрындық (1480-1511) мұрагер ретінде отырды десе, ал өзге деректерінде алғашқы ханы Керей, оның

1488-жылы қайтыс болуына байланысты орнына ұлы Бұрындықтың хан сайланды», - дегенін жазады [6, 8 б.]. Алайда, автор бұл жерде өзіндік нақты қорытындысын жасамайды.

Қазақ хандығының құрылуына қатысты Джу-Юп Ли 1450-жылдары Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп көшкенін айтса [13, 3 б.], Ю.Брегель Әбілхайыр ханның беделін сарсыған Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстан жеріне көшіп кетуі болатын, дей келе, бұл 1458-1461 жылдардың аралығында болуы мүмкін деп болжам жасайды [8, 225 б.].

Жалпы алғанда қазақ сұлтандарының Шу өңіріне көшуі туралы отандық тарихнамада да атап өткеніміздей, көп пікірталас тудырды. Қазақ хандығының құрылу мерзімі Мырза Мухаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі арқылы нақты белгіленді. 2015 жылдан бері отандық тарихнамада 1465 жыл хандықтың құрылу уақыты деп ресми белгіленді.

Қазақ хандығын зерттеу барысында кездесетін келесі бір мәселе ол Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Керей мен Жәнібек сұлтандармен бірге көшіп кеткен тайпаларға «өзбек-қазақ» деген атаудың берілуі. Бұл мәселе сонау XX ғасырдың екінші жартысында да талданып, «қаз» сөзінің көне түрік жазбаларында кездесетіні және «жаулап алу, жинау» мағынасын беретіні туралы пікірлер айтылған болатын [11, 238 б.]. Кейбір деректерде «өзбек» ұғымына қатысты XV Жошы ұлысының көшпелі халқы Өзбек ханның тұсында ислам дінін қабылдағаннан кейін оларға «өзбек» деген лақап халыққа қолданыла бастағаны айтылады [13, 2 б.]. Бұл мәселе қазақ тарихында да көптеген зерттеушілік көзқарастарды тудырған болатын. Ал зерттеуші Ю.Брегель «қазақ» деген ұғымның шығу тегі белгісіз, қаншама құрастыруға тырысқанымен сәтсіз болды деген ойын айтып, М.Х.Дулатидың еңбегіндегі «қазақтарға» қатысты үзіндіден кезбелік, еркіндік деген сынды мағына іздейді. Сонымен қатар автор бастапқыда бұл ұғымның саяси жинақтаушы атау ретінде қолданылғанын, ал бертін келе өзгеріске ұшырап этникалық мазмұнға ие болғаны туралы пікірін білдіреді [8, 225-229 б.]. Сол сияқты Ресей ғалымдары да еңбектерінде осы «өзбек-қазақ» атауын зерделеуге тырысады. Мәселен, Т.И. Султанов пен С.Г. Кляшторныйдың пікірінше, 1459 жылы Жетісуда тарихи кездесу болып, Жетісу даласында кезіп жүрген қашқындар тобы «өзбек-қазақ» деген атау алады [16, 97 б.]. Зерттеуші Джу-Юп Ли осы мәселе бойынша, яғни «қазақ» атауы, «қазақлық» феноменін зерттеуі барысында көптеген түп деректер мен зерттеу еңбектеріне жүгінеді. Сөйтіп, «қазақ» ұғымы XV ғасырда Қыпшақ даласы мен Мавераннахрда кеңінен таралды, өйткені «қазақ» өмір салты немесе «қазақлық» XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап осы аймақтарда саяси саяхаттаудың ерекше әдеті ретінде пайда болды», - деген қорытындыға келеді [14, 89 б.]. Сондай-ақ ғалымның пікірінше, «қазақлық» феноменінің маңызы – мемлекеттің қалыптасуы мен бірегейлігіне үлес қосқанында болатын. Өйткені, саяси саяхаттау/кезбелік немесе «қазақлық» барысында билеуші немесе көсем өз тарапына халықты жинап, сол арқылы жаңа мемлекет құра алады. Осында Джу-Юп Лидің көтерген мәселесінің бірі бұл қазақтың үш жүзі болатын. Қазақтың үш жүзі туралы деректерді бірқатар еңбектер де қарастырып өтеді. Бұл мәселенің де шешім таппаған тұстары баршылық екенін айту керек.

Америкалық және ағылшын ғалымдары арасында қазақ халқының жүздеріне қатысты ғылыми зерттеулер болды. Олардың ішінде Джу-Юп Ли зерттеулерінде Алаша ханға қатысты мәліметтер кездестіруге болады. Алаша хан туралы аңыздағы мынадай екі маңызды жайтты көрсетеді: біріншісі, аңызға сәйкес қазақтардың шығу тегі шептік кезбелерге қатысты көтеріледі. Мұны зерттеуші Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның шекарасына орналасуымен байланыстырылады. Ал екіншісі, қазақтың үш жүзге бөлінуі. Алаша хан туралы аңыз бойынша ханның үш ұлы, олардың әрбірінің өз ордасы болды» [13, 9 б.].

Отандық зерттеушілердің қатарында Н.Д. Нуртазина, М.Б. Исaxанның пікірінше, XV-XVIII ғасырдың басындағы көшпелі қазақтардың арасында ислам дінінің таралуы туралы мағлұматтар деректерде аз сақталған. Сондықтан бұл күрделі, әрі пікірталасты тақырып болып табылады. Сондай-ақ отандық ғалымдар Алтын Орда кезеңінен келе жатқан ислам дініне қатысты әлі де зерттеуді қажет ететін алшақтықтар бар екенін атап өтеді [17, 910-915 б.]. Бұл ахуалды Орталық Азиядағы ислам тарихын зерттеуші, белді американ ғалымы Девин ДеВис (Devin DeWeese) те айтады. Ол Монғол империясының исламдану үдерісіне қатысты еңбегінде түп деректердің тапшылығына тоқталады. Ол империяның барлық территориясында исламдану үдерісі жүзеге асырылғанымен, үлестердің (Алтын Орда, Илхандар мемлекеті, Шағатай ұлысы) арасында айырмашылықтардың бар болғанына назар аудартады. Сонымен қатар ғалымның пікірінше, Жошы ұлысының исламдануы мұсылман әлемі үшін, ең алдымен, оның этно-діни тармақталу тұрғысынан алғанда ауқымды және ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізді. Қазіргі кейбір мұсылман түрік халықтары сол Алтын Орда кезеңі мен оның этносаяси дәстүрі арқасында ислам дінін қабылдаған еді. Олардың қатарында қазіргі қазақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақтар бар. Жошы ұлысының халқы тек мұсылман халықтардан тұрмағандықтан, оның исламдануына көптеген сыртқы факторлар мен жергілікті дәстүрлер ықпал етті, - дейді ғалым [18, 125-126 б.]. Осы

тақырыпты әрі қарай дамыту мақсатында зерттеуші Р.Д. Макчеснидің қорытындысын қарастырамыз. Ол Орталық Азияда интел-лектуалды және рухани билігі бар тұлғалар әмірлердің саяси ықпалына қарсы салмақ болғанын айтады. Егер зерттеушінің осы пікірін назарға алатын болсақ, Жошы ұлысындағы ислам дінінің салмағын жорамалдау қиын емес. Сондай-ақ Р.Д. Макчесни мұндағы рухани билік күшін үш топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – интеллектуалды тұлғалар, екіншісі – саиидтар, үшіншісі – сопылар. Интел-лектуалды (алим, улама) тұлғалар қатарына ресми білімі және мұғалім ретіндегі беделімен танымал болғандарды жатқызады. Екінші топтағылар рухани күш иелері болып табылады, яғни олар Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың ұрпақтары – «саиидтар» болатын. Олар ішкі билікке ие болды. Сонымен қатар көптеген интеллектуалды тұлғалар әрі «саиидтар» да бар.

Накшбандийа – Бұхара, Балх, парсы, Самарқанд пен Ташкентті, ал «Атаи» – Түркістанды алып жатқан еді. Р.Д. Макчеснидің пікірінше, қоғамның осы тобының Орталық Азияның саяси өміріндегі маңыздылығы оның жетекші өкілдерінің билік пен тәуелдінің арасына арашы ретінде қақтығыстарды реттеуінде, жалпы халыққа зиян келтіретін саясатқа қарсы әрекет ету рөлінде жатты. Өйткені олар халықтан шыққан өкілдер болатын. Бұлардан мемлекет бақылауында қызмет ететін дін өкілдері, сот, мұғалімдер шықты, ал аса танымалдарына діни, білім беру мекемелерін басқару үшін ауқымды қайырымдылық қаражаты бөлінді [5, 290-291-б.]. Осы жерде ғалым Ә.Қ. Муминовтың мынадай пікірін қоса ұсынуға болады: «қазақтардың арасындағы қожалар исламды бейнелейді. Бұрын олар рәсімдерді басқарды, сүндет жасады, мешіттердің имамдары, мүдәррістері болды. Қожалар Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қалалардан, елді мекендерден шыққандар еді. Қазақтың әрбір руы белгілі бір қожаның (аққұрған, хорасан, дуана, қарахан, сейіт, қырық садақ, қылауз, киши жүз қожалары және т.б.) ізбасары болды...», дей келе: «Мавераннахрдың саяси өміріндегі көшпелі тайпалардың ықпалының артуымен бұл топтардың елдің қоғамдық-саяси өмірінде маңызы арта түсті. Биліктің «қасиеттілігі» туралы жаңа идеяның бастамашысы осы қожалар болды. Қоғамдық пікірдің күшіне бағынып, хандар өз билігінің қасиеттілігі туралы мәселені дамытқанын» [19] айтады. Бұдан қожалардың биліктің қасиеттілігін ұсынып қана қоймағаны, сол арқылы хандықтағы өздерінің орнын да нығайтуға талпыныс жасағаны аңғарылады. Зерттеулерде «қожалар» мен «саиидтардың» ақсүйек тобына кейіннен қосылғаны баяндалады [13, 8-б.]. Ғалым Ә.Қ. Муминов атап өткен «биліктің қасиеттілігін» негіздеп бергеннен соң мүмкін бұл субэтникалық топтардың ақсүйектерге жатқызылуы қарастырылған болар.

Жалпы алғанда Орталық Азия территориясында бірнеше сопылық мектептердің, сондай-ақ өзге діндер мен сенімдердің де өмір сүргені тарихтан мәлім. Жоғарыда атап өткеніміздей, дін өкілдері халық пен билік арасында арашы ғана емес, сонымен қатар екі елдің арасындағы бейбіт келісімдерге де ықпал ете алатын беделді тұлғалар болатын. Түп деректерді зерттейтін болсақ, Орталық Азияның рухани тарихында өткен мұндай сопы шайхтарды көп кездестіруге болады. Бұл жерде тек рухани өмірдегі маңызы емес, діннің мемлекеттің саяси өміріндегі рөлін қарастыру мәселесі ұсынылады. Мәселен, Қазақ хандығының халықаралық қатынастары тарихын зерттеу барысында діни мәселелерге ден қойылатын болса, ол құнды нәтижелерге қол жеткіздіртуі мүмкін. Өйткені әрбір мұсылман үшін Меккеге қажылық сапарға шығу діни парыздардың бірі болып табылады. Ал қазақтардың арасындағы бай қуатты адамдардың барлығы осы қасиетті сапарға шығуды жоспарлады десек қате болмас. Сол кезеңдегі шииттік Иран арқылы өтетін керуен жолдарының қауіпсіздігін екі ел арасындағы қарым-қатынастар аясында қарастырсақ, мемлекеттер арасында бірқалыпты бейбіт жағдай үнемі болған жоқ.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, қазіргі уақыттағы ақпараттық технологияның мүмкіндіктерімен ағылшын тілді тарихнамаға қол жеткізу қиын емес. Дегенмен, әрбір кезенді зерттеудің өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктері бар екенін айту қажет.

Қазақ хандығының тарихы ұзақ жылдар бойы зерттеліп келеді. Кеңестік кеңістікте Қазақ хандығының тарихын зерттеушілердің алдыңғы қатары ресейлік ғалымдардан болды. Мұнда Қазақ хандығына жеке егеменді мемлекеттен гөрі Қытай, Ресей, Орталық Азия хандықтары сияқты мемлекеттердің арасындағы транзиттік аймақ секілді көзқарас ұстанғанын аңғару қиын емес. Қазақ тарихы кеңестік «ұлттық» көзқараста зерделеніп, көптеген мәселелер зерттеуден тыс қалды. Одан кейінгі уақытта жүзеге асырылып жатқан кейбір зерттеулерде де кеңестік формациялық көзқарастардың сарқыншақтары кездесіп жатады. Ал еуропалық зерттеушілердің еңбектерінде бастапқыда тарихи мәдени құндылықтардың мәртебесі мен маңызын негіздейтін мәселелерді еуроцентристік көзқарас аясында бағалағаны мәлім болса, бергін келе еуропалық тарихнаманың саясаттан арылып, тарихи объективті ғылыми баға бере бастағанын байқауға болады. Мұны американдық зерттеушілердің еңбектерінен де аңғаруымызға болады.

Әсіресе кеңестік режим ыдырағаннан соң ағылшын және американдық ғылыми орталарда Қазақ хандығы тарихына арналған іргелі жобалар жүзеге асырылады бастады. Тіпті Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарында Орталық Азия елдерінің зерттеулеріне арналған арнайы зерттеу



орталықтары жұмыс жасай бастады. Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни, мәдени мәселелер бойынша бірқатар зерттеулер жарияланып келеді. Бұл орталықтардың басым бөлігінде XIX ғ. - XX ғ. басындағы саяси тарихты көру мүмкін. Дегенмен, ағылшын және американдық тарихнамадағы ерекше-ліктердің бірі Қазақ хандығын Орталық Азия территориясында орналасқан жеке егеменді мемлекет ретінде қарастыруы деп айтуға болады. Осылайша, әлемдік деңгейде маңызды саналатын ағылшындық тарихнамада Қазақ мемлекетінің тарихының зерттелуі халықаралық ғылыми деңгейде оның маңызын білдіреді, хандықтың әлемдік тарихтағы орнын көрсетеді. Бұған қоса осы зерттеулер арқылы әдіснамалық көзқарастарды қайта ұғынуға мүмкіндік туындайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Alfred E. Hudson. *Kazak Social Structure*. Review by: Gunnar Jarring // *American Anthropologist*, 1939. – New Series, Vol. 41. – No. 4. – P. 626-628.
2. *Changes in the Kazak Pastoral Economy: History and Analysis / A Thesis presented in Partial Fulfillment of the Requirements for the Degree Master of Art* by Patricia Cook Rice. – The Ohio State University, 1963. – 56 p.
3. Allworth Edward. *Encounter // Central Asia: A Century of Russian Rule*. Edited by Allworth Edward. – USA: Columbia University Press, 1967. – P. 1-59.
4. McChesney R.D. *The Amirs of Muslim Central Asia in the XVIIth Century*// *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 1983. – Vol. 26. – No. 1. – P. 33-70.
5. McChesney R.D. *The Chinggisid restoration in Central Asia: 1500–1785* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 277-302.
6. Olcott M.B. *The Kazakhs*. – USA: Hoover Institution Press, 1987. – 341 p.
7. Bregel Yu. *Notes on the Study of Central Asia*. – Bloomington: Indiana, 1996. – 61 p.
8. Bregel Yu. *Uzbeks, Qazaqs and Turkmens* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 221-236.
9. Burton Audrey. *The Bukharans: A Dinastic, Diplomatic and Commercial History 1550-1702*. – Great Britain: Gurzon Press, 1997. – 664 p.
10. Foltz R. Book Review. *Burton Audrey. The Bukharans: A Dinastic, Diplomatic and Commercial History 1550-1702*. – pp. 394-395. Режим доступа: [file:///C:/Users/user/Downloads/journals\\_jemh\\_3\\_3\\_article-p394\\_18-preview%20\(4\).pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/journals_jemh_3_3_article-p394_18-preview%20(4).pdf)
11. Pritsak O. *The Turkic Etymology of the Word "Qazaq" 'Cossack'* // *Harvard Ukrainian Studies*, 2006. – Vol. 28. – No. 1/4. – pp. 237-243.
12. Frank J.A. *The Qazaqs and Russia* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 363-379.
13. Lee Joo-Yup. *Kazakh Khanate*// *The Oxford Research Encyclopedia of Asian History*. Ed. David Ludden. – New York: Oxford University Press. – Online Publication Date: Apr 2019. DOI: 10.1093/acrefore/9780190277727.013.60. – pp 1-25.
14. Lee Joo-Yup. *The Political Vagabondage of the Chinggisid and Timurid Contenders to the Throne and Others in Post-Mongol Central Asia and the Qipchaq Steppe: A Comprehensive Study of Qazaqliq, or the Qazaq Way of Life*// *Central Asiatic Journal*, 2017. – Vol. 60. – No. 1-2. – pp. 59-95.
15. Васютин С.А., Дашковский П.К. *Социально-политическая организация кочевников Центральной Азии поздней древности и раннего средневековья (отечественная историография и современные исследования) Монография*. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2009. – 400 с.
16. Шигабдинов Р.Н. *Некоторые аспекты казахской истории (XVI – первая половина XIX вв.). К вопросу о ее «Географической оси»*. – С. 93-121 // Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-aspekty-kazahskoi-istorii-xvi-pervaya-pоловина-xix-vv-k-voprosu-о-ее-geograficheskoi-osi/viewer>
17. Нуртазина Н.Д., Исахан М.Б. *Постзолотоордынский декаданс и судьбы религии в казахском кочевом обществе XV – начала XVIII вв.* // *Золотоордынское обозрение / Golden Horde review*, 2022. 10 (4). – С. 910-934.
18. DeWeese D. *Islamization in the Mongol Empire*. *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 120-134.

19. Муминов А.К. Традиционные и современные религиозно-теологические школы в ЦентрАзии. – Режим доступа: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1322230680>

#### References:

1. Alfred E. Hudson. *Kazak Social Structure*. Review by: Gunnar Jarring // *American Anthropologist*, 1939. – New Series, Vol. 41. – No. 4. – pp. 626-628. [in English].
2. *Changes in the Kazak Pastoral Economy: History and Analysis / A Thesis presented in Partial Fulfillment of the Requirements for the Degree Master of Art by Patricia Cook Rice*. – The Ohio State University, 1963. – 56 p. [in English].
3. Allworth Edward. *Encounter // Central Asia: A Century of Russian Rule*. Edited by Allworth Edward. – USA: Columbia University Press, 1967. – pp. 1-59. [in English].
4. McChesney R.D. *The Amirs of Muslim Central Asia in the XVIIth Century*// *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 1983. – Vol. 26. – No. 1. – pp. 33-70. [in English].
5. McChesney R.D. *The Chinggisid restoration in Central Asia: 1500–1785* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 277-302. [in English].
6. Olcott M.B. *The Kazakhs*. – USA: Hoover Institution Press, 1987. – 341 p. [in English].
7. Bregel Yu. *Notes on the Study of Central Asia*. – Bloomington: Indiana, 1996. – 61p. [in English].
8. Bregel Yu. *Uzbeks, Qazaqs and Turkmens* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 221-236. [in English].
9. Burton Audrey. *The Bukharans: A Dinastic, Diplomatic and Commercial History 1550-1702*. – Great Britain: Gurzon Press, 1997. – 664 p. [in English].
10. Foltz R. Book Review. *Burton Audrey. The Bukharans: A Dinastic, Diplomatic and Commercial History 1550-1702*. – pp. 394-395. – Retrieved from: [file:///C:/Users/user/Downloads/\\_journals\\_jemh\\_3\\_3\\_article-p394\\_18-preview%20\(4\).pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/_journals_jemh_3_3_article-p394_18-preview%20(4).pdf) [in English].
11. Pritsak O. *The Turkic Etymology of the Word "Qazaq" 'Cossack'* // *Harvard Ukrainian Studies*, 2006. – Vol. 28. – No. 1/4. – pp. 237-243. [in English].
12. Frank J.A. *The Qazaqs and Russia* // *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 363-379. [in English].
13. Lee Joo-Yup. *Kazakh Khanate*// *The Oxford Research Encyclopedia of Asian History*. Ed. David Ludden. – New York: Oxford University Press. – Online Publication Date: Apr 2019. DOI: 10.1093/acrefore/9780190277727.013.60. – pp 1-25. [in English].
14. Lee Joo-Yup. *The Political Vagabondage of the Chinggisid and Timurid Contenders to the Throne and Others in Post-Mongol Central Asia and the Qipchaq Steppe: A Comprehensive Study of Qazaqliq, or the Qazaq Way of Life*// *Central Asiatic Journal*, 2017. – Vol. 60. – No. 1-2. – pp. 59-95. [in English].
15. Vasyutin S.A., Dashkovskij P.K. *Social'no-politicheskaya organizaciya kochevnikov Central'noj Azii pozdnej drevnosti i rannego srednevekov'ya (otechestvennaya istoriografiya i sovremennye issledovaniya) Monografiya*. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta, 2009. – 400 s. [in Russian].
16. Shigabdinov R.N. *Nekotorye aspekty kazakhskoj istorii (XVI – pervaya polovina XIX vv.). K voprosu o ee «Geograficheskoi osi»*. – s. 93-121 // Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-aspekty-kazahskoi-istorii-xvi-pervaya-polovina-xix-vv-k-voprosu-o-ee-geograficheskoi-osi/viewer> [in Russian].
17. Nurtazina N.D., Isakhan M.B. *Postzoltoordynskij dekadans i sud'by religii v kazakhskom kochevom obshchestve XV – nachala XVIII vv.* // *Zoltoordynskoe obozrenie / Golden Horde review*, 2022. 10 (4). – S. 910-934. [in Russian]
18. DeWeese D. *Islamization in the Mongol Empire*. *The Cambridge History of Medieval Inner Asia: the Chinggisid Age*. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen Frank, and Peter B. Golden. – United Kingdom: Cambridge University Press, 2009. – pp. 120-134. [in English]
19. Muminov A.K. *Tradicionnye i sovremennye religiozno-teologicheskie shkoly v Centralnoj Azii*. Retrieved from: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1322230680> [in Russian]